

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ №39 ГИМНАЗИЯ



МАҒЖАН ТАҒЫЛЫМЫ-4

қалалық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары



Қарағанды 2016 жыл

Қарағанды қаласының білім бөлімі
Мағжан Жұмабаев атындағы №39 гимназия
Отдел образования города караганды
Гимназия №39 имени Магжана Жумабаева

«Мағжан тағылымы-4»
қалалық ғылыми-тәжірбиелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
городской научно-практической конференции
«Мағжан тағылымы-4»

Қарағанды – 2016

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
М 41

Редакциялық коллегия:
Сұраған О., Омирбаева Д.М.

Шығуына жауапты:
Базыл Ж.С., Касимова Д.А.

М 41 «Мағжан тағылымы-4» қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның МАТЕРИАЛДАРЫ=МАТЕРИАЛЫ городской научно-практической конференции «Мағжан тағылымы-4» 17 наурыз 2016 жыл. Қарағанды, 2016- **1017 б.**

ISBN 978-601-273-198-9

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN 978-601-273-198-9

© Редакциялық коллегия: Сұраған О., Омирбаева Д.М.
Шығуына жауапты: Базыл Ж.С., Касимова Д.А.

II БАҒЫТ. Білім берудегі жаңашыл әдістеме.....	325
Электронды оқытудың мүмкіндіктері мен тиімділігі	
<i>Мадьярова Гүлнар Атыханқызы, Молдабеков Б.Қ.</i>	326
Шеберліктің белгісі-түрлі әдісті болу	
<i>Абдирова Р.М.</i>	329
Орыс мектептерінде қазақ тілі сабағында электрондық сөздіктері қолданудың тиімді жолдары	
<i>Абдульдинова Баян Акановна</i>	332
Білім нәтижесін ақпараттық технологияны пайдалану арқылы тиімділігін арттыру	
<i>Адешова Гүлмира Дулатовна</i>	334
Математика сабағында оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру – уақыт талабы	
<i>Айнабаева Ж.М.</i>	337
Орталық Қазақстандағы археологиялық ескерткіштер және оған мектеп оқушыларының саяхаты	
<i>Ақпар Айжан</i>	341
Көркем шығарманы оқыту мен талдаудың тиімділігі	
<i>Алдангарова У.С.</i>	345
Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	
<i>Ашимжанова Г.Р.</i>	348
Педагогтардың кәсіби қоғамдастық жұмысын жандандыру	
<i>Аманбаева Майра Жакановна, Зайткешова Алия Муратовна</i>	350
Мектеп пен жанұя бірлігі - оқушыларды жан-жақты дамытудың бірден – бір құралы	
<i>Ахмет Гүлбақша Төлесенқызы</i>	353
Формирование нравственного воспитания учащихся в условиях качественного образования на уроках русского языка и литературы	
<i>Ахметова Л.Б., Текенова А.М.</i>	356
Оқытудың жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерін математика сабағында қолдану	
<i>Аятаева Сауле Аманкельдықызы</i>	361
Оқушыларды сауаттылыққа үйрету	
<i>Базарбаева Махабат Ашимхановна</i>	364
Қазақ тілі сабақтарында жаңа технология арқылы баланы оқыта отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру	
<i>Балхожаева Гулнур Героевна</i>	367
Білім берудегі жаңашыл әдістеме	
<i>Башаева К.М.</i>	371
Спортқа бейім дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдері	
<i>Тажкеев Нұрхат Маратұлы, Елешов Әбілқайыр Кеңесұлы</i>	373
Тактикалық дайындық	
<i>Бегулин К.Т.</i>	377



Электронды оқытудың мүмкіндіктері мен тиімділігі

*Мадьярова Гүлнар Атыханқызы
Педагогика ғылымдарының кандидат,
Алматы экономика және статистика академиясының,
Ақпараттық жүйелер және жалпы білім беру
пәндері кафедрасының меңгерушісі
Молдабеков Б.Қ.*

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы заңында ақпараттандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаттары ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және оны дамытуды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін ақпараттық жағынан қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінде жергілікті қамтуды дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады [1] – деп атап көрсетілген. Сонымен қатар осы заңда цифрлық сауаттылықты арттыру және білім беру процесінің қатысушыларын электрондық оқытудың электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізуге арналған жағдайлармен қамтамасыз ету, ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі міндеттерінің бірі ретінде анықталған.

Электронды оқыту – білім беру процесіне қатысушылардың мультимедиа құралдары, коммуникацияның интерактивті тәсілдері және цифрлық білім беру контентіне сүйене отырып, қашықтан өзара қарым-қатынас жасауына негізделген, оқу жетістіктерін дербес компьютердің көмегімен жеке есепке алу мүмкіндігі қарастырылған оқытудың жеке түрі болып саналады [2].

Қашықтан оқыту – қашықтан оқытуды заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар көмегімен қамтамасыз ететін оқу процесін ұйымдастырудың жеке нысаны [2].

Оқу процесінің онлайн технологиялармен жабдықтау дәрежесі мен қатысушылардың өзара қатынас сипаттамасына қарай эксперттер оқытудың келесі түрлерін ерекшелейді [3]:

- дәстүрлі оқыту (электрондық технологияларды қолданбай оқыту);
- веб-қолдауымен дәстүрлі оқыту (курстың 1-29% желі арқылы ұйымдастырылады: контентті жеткізу, өз бетінше жұмыстарды орындау барысында жергілікті желі арқылы қатынас құру);
- аралас оқыту - (курстың 30-79% желі арқылы жүзеге асырылады: аудиториядағы сабақтармен желі арқылы сабақтар аралас жүргізіледі);
- толық онлайн оқыту (курстың 80% астам бөлігі желі арқылы ұйымдастырылады, көп жағдайда тікелей қарым-қатынас жүргізілмейді).

Қазіргі кезде Алматы Экономика және статистика академиясында күндізгі бөлім студенттері үшін веб-қолдауымен дәстүрлі оқыту және аралас оқыту, ал сырттай бөлім студенттері үшін аралас және қашықтан оқыту түрлері жүзеге

Онлайн сабақтарды жүргізу, вебинар мен вебконференцияларды ұйымдастыру мақсатында Adobe Connect бағдарламасы кеңінен қолданылады. Осы бағдарламаның көмегімен оқытушылар нақты уақытта онлайн дәрістерді оқып, материалдарды студенттерге жөнелтіп, өзара чат арқылы пікірталастарды ұйымдастыра алады (2-сурет).

Электрондық кітапхана және осы бағдарламалармен қатар студенттерге электрондық ресурстарды қолдануға арналған арнайы компьютерлік сыныптар мен интерактивті тақталар қарастырылған. Онлайн дәрістермен, пікірталастарға қатысу үшін интернетке қосылу мүмкіндігінің болуы жеткілікті.

Имя:	URL-адрес:
211	http://meeting.aesa.kz/r73kmttm3o9/
214	http://meeting.aesa.kz/r6dp33af3bq/
216	http://meeting.aesa.kz/r4eg4ys32y5/
200	http://meeting.aesa.kz/r2f76u9r2kk/
413	http://meeting.aesa.kz/r3d88mr3tkq/
410	http://meeting.aesa.kz/r1dzai8rt75/
415a	http://meeting.aesa.kz/r7bq4vrrubw/
415	http://meeting.aesa.kz/r5ch6r9ftyb/
504	http://meeting.aesa.kz/r89r6o94lc2/

2-сурет. Adobe Connect бағдарламасына сілтемелер

Академияда оқу процесін аралас және қашықтан оқытуға жағдайлар жасалған. Дегенмен дәстүрлі, аралас, қашықтан оқыту технологияларын қолдану оқу процесін ұйымдастыруда келесі мәселелерді шешуді талап етеді:

1. Оқытушылардың жүктемелерін есептеу.
2. Әртүрлі технологияларды қолданып өткізілген сабақтарды есепке алу.
3. Студенттер білімін объективті бағалау.
4. Бір оқу тобында осы техногияларды қатар қолдану т.с.с.

Академияда оқытушылардың жүктемелерін есептеу барысында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданып материалдарды дайындауға күндізгі бөлімдер үшін студенттің өзіндік жұмысы есебінен, ал сыртқы бөлім студенттері үшін кеңестер есебінен ішкі құжаттар бойынша арнайы сағаттар қарастырылған. Оқытылатын сабақтарды есепке алу студенттер мен оқытушылар кестесінде есептеледі. Студенттер білімін бағалау барысында оқытушылар компьютерлік тестілеу нәтижесімен бірге ішкі және мемлекеттік құжаттарды басшылыққа алады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

- оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану мамандарды дайындау сапасын жоғарылатады;
- білім сапасын есепке алудың негізгі мақсаты – студенттер мен оқытушылардың ақпарат алудағы жіберілген кемшіліктерін анықтау болуы тиіс;
- әртүрлі технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру әдістерін жүйелендіру және реттеу қажет;
- оқытудың барлық кезеңінде оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын ережелерді нақтылау керек.

Әдебиеттер:

1. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ.
2. Концепции развития электронного обучения на 2013-2016 годы. АО «Национальный центр информатизации (НЦИ)». Астана, 2013г.
3. I. Elaine Allen and Jeff Seaman. Changing Course: Ten Years of Tracking Online Education in the United States. Babson Survey Research Group and Quahog Research Group, LLC – 2013, p.7.

